

«8D01201-Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған Нурбекова Салтанат Молотовнаның «Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамыту» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуіне отандық ғылыми кеңесшінің

ШІКІРІ

Бүгінгі таңда мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру саласының алдында мәселелерге ерекше көзқараспен қарайтын, тиімді шешімдерді таба алатын және өзгермелі жағдайларға тез бейімделетін креативті жеке тұлғаны тәрбиелеу мәселесі тұр.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен білім беру үдерісіндегі заманауи өзгерістер бала өміріндегі маңызды әркеті ойынның ролін айырықша көрсетіп отыр. Баланың креативтілігін дамытуда ойлауы мен қиялын, эмоционалдылығын, белсенділігін, қоршаған әлеммен қарым-қатынасын т.б., қырларынан дамытатын тиімді құрал – ойын. Ойын арқылы баланы әр қырынан дамыту бойынша жазылған зерттеу еңбектерінің өзектілігі жылдан жылға артып келеді. Осыған орай С.М. Нурбекованың «Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамыту» тақырыбындағы диссертация жұмысы, өзгермелі қоғамдағы шешімін таппаған өзекті мәселе болып табылады.

С.М. Нурбекова «Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздері» атты бірінші тарауда ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытуға байланысты отандық, шетелдік ғалымдарының философиялық, педагогикалық, психологиялық еңбектерін талдап, мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздерін анықтап, зерттеу жұмысын тұжырымдалған ғылыми нәтижелер қағидасына сүйене отырып, негізгі терминдерге анықтамалар беруі, зерттеу жұмысының теориялық құндылығын арттыра түседі.

«Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытудың педагогикалық шарттары» атты екінші тарауда ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытудың педагогикалық шарттары нақтылап, әдістерін, құралдарын, формаларын ұсына отырып құрылымдық-мазмұндық моделін даярлауы диссертация жұмысына маңыз берген.

«Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытудың әдістемесі» атты үшінші тарауда зерттеу мәселесінің әдістемелік кешені ұсынылған. Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамыту үдерісі әдістемесінің

мазмұнына сай жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерін математикалық – статистикалық жағынан өңдеп, дәлелдей білді.

С.М. Нурбекова диссертация жұмысын жазу барысында өзін зерттеу құзыреттілігі жетілген, ізденіппаз, ғылыми еңбектерге және нормативтік құжаттар мен әдістемелік еңбектерге, озық тәжірибелерге сараптамалық талдау жасай отырып, өзінің ғылыми тұжырымдамаларын шығара алуымен ерекшеленді. Сонымен қатар зерттеу жұмысының эмпирикалық әдістерін қолдануда жоғары біліктілігі байқалды.

Философия докторы (PhD) дәрежесіне үміткер С.М. Нурбекованың ұсынылып отырған диссертациясының жазылу тілі мен стилі талаптарға сай, құрылымы мен мазмұны логикалық жағынан жүйелі, түсінікті, нақты жазылған. Диссертациялық жұмыс мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу саласы бойынша ғылыми зерттеу жұмыстарына айтарлықтай үлес қоса алады деген сенім білдіремін.

Нурбекова Салтанат Молотовнаның 8D01201-Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы білім беру бағыты бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған *«Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамыту»* атты жұмысы диссертацияларға қойылатын талаптарға сай жазылған және философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беру үшін 8D01201 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынуға лайық деп санаймын.

Ғылыми кеңесшісі:
философия докторы (PhD),
қауым. профессор м.



РАСТАЙМЫН: «Абай атындағы ҚазҰПУ» КЕАҚ
КАДР СЯСАТЫ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ЖЕТЕКШІСІ
ЗАВЕРЯЮ: **А.А. Алимосқова**
УПРАВЛЕНИЯ КАДРОВОЙ ПОЛИТИКИ
НАО «КазНПУ им Абая»
ҚОЛЫ
ПОДПИСЬ _____